

Пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік теңгерімі жөнінде ақпарат беру туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 сәуірдегі N 275 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 1395 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.22 № 1395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік теңгерімі жөнінде ақпарат беруді ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті жыл сайын ағымдағы жылдың 1 қазанына дейін есептіден кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік теңгерімі жөнінде а қ п а р а т б е р с і н :

Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі мен Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне - пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша;

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне - қатты пайдалы қазбалар бойынша, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органға - жер асты сулары бойынша.

Пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік теңгерімі жөніндегі ақпарат осы қаулыға қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.17. N 604 қаулысымен .

2. "Пайдалы қазбалар қоры жөніндегі ақпарат беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 қазандағы N 999 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

ҚОСЫМША

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.17. N 604 қаулысымен.

**Пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік теңгерімі
жөнінде ақпарат беру нысаны**

р/ с N	Пайдалы қазба	Құрам- д а с бөлікті өлшеу бірлік- тері	Орташа құрамы	Теңгерім- дік қорлар	Теңге- рімнен тысқары қорлар	Ө с у / кему
1	2	3	4	5	6	7